***«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.***

## *4.6 Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру*

Ерекше қажеттілігі бар оқушылардың мектепте оқу процесін ұйымдастыру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығы*;*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы/Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы;

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 2 тарауы 8 бабының 5 тармақшасы;

«Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» әдістемелік ұсынымдары;

"Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы; "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы/Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығы негіздерінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

Қазіргі кезеңінде ерекше білім беру қажеттілігінің келесі анықтамасы қолданылады - бұл оқушылардың сапалы білім алуы барысындағы психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да көмекке мұқтаждығы.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың төмендегідей топтары көрсетіледі:
*1-топ.* Психикалық және дене дамуында түрлі бұзылымдары бар балалар: көру, есту, сөйлеу бұзылымдары, зияты, тірек-қозғалыс аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалды-ерік-жігер аясы зақымдалған балалар.
*2-топ.* Оқытудағы ерекше қиындықтары,мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар балалар.
*3-топ.* Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени ерекшеліктерінен туындайтын ерекше білім беруге қажеттілігі туындайтын балалар.

Білім алуында қиындықтары бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мен білім беру жүйесінде мектебімізде оқытудың арнайы жағдайын құру барысында келесідей құжаттарды басшылыққа алынды.

*оқу жоспары мен оқу бағдарламасын өзгерту;

*оқыту нәтижелерін бағалау әдістерін өзгерту (оқушылардың оқу үлгерімі);

*оқытудың арнайы, вариативті және альтернативті әдістерін қолдану;

*оқулықтарды, оқу әдістемелік құралдарын, жеке оқу материалдарын таңдау;

*оқыту формасын таңдау;

*ПМПК-нің тұжырымдамасына, ата-анасының (заңды өкілдерінің ) келісіміне сәйкес арнайы оқу жоспары мен бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі (психолог, логопед, әлеуметтік педагог, педагог-ассистент):

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту- негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы білім бөлімі Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған сыныптарда баланың дамуына мүмкіндіктер жасалды.

**2021-2022 оқу жылында** ЕҚБ білім алушылар саны 4. Психикалық дамудың тежелісі бар 5 -сынып оқушысы Хуаш Төрежан Сексенбайұлы ПМПК-ның шешімімен, 7 «ә»-сынып оқушысы Хуаш Жантөре Сексенбайұлы дәрігерлік-консультация шешімімен жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушы, 4 «ә» сынып оқушысы Жакупова Жанбота Жанболатовна дәрігерлік-консульация шешімімен ДЦП диагнозы қойылды, 7 «ә» сынып оқушысы Серікбол Мәншүк дәрігерлік-консульациядан өтіп ДЦП диагнозы қойылды. Оқушылар мектеп қабырғасында білім алды. Үйден оқытылған оқушылар жоқ.

**2022-2023 оқу жылында** ЕҚБ білім алушылар саны – 6. Олар 8 «ә» сынып оқушылары Хуаш Жантөре Сексенбайұлы (интелекттің жеңіл бұзылуы), Серікбол Мәншүк (Тірек-қимыл аппаратының бұзылуы:өздігінен жүріп-тұрады, жеке күтімді қажет етпейді), 5 «ә» сынып оқушысы Жакупова Жанбота Жанболатовна (Тірек-қимыл аппаратының бұзылуы: өздігінен жүріп-тұрады, жеке күтімді қажететпейді. Интелекттің жеңіл бұзылуы),

6 сынып оқушысы Хуаш Төрежан Сексенбайұлы (психикалық дамудың тежелуі), 9 сынып оқушысы Жанибек Диас (психикалық дамудың тежелуі), Хидин Азамат (зиятының жеңіл бұзылуы). Оқыту қазақ тілінде мектеп қабырғасында жүргізілді. Үйден оқытылған оқушылар жоқ.

**2023-2024 оқу жылында** ЕҚБ білім алушылар саны – 4. Олар 9 «ә»-сынып оқушылары Хуаш Жантөре Сексенбайұлы (интелекттің жеңіл бұзылуы), Серікбол Мәншүк (психикалық дамудың тежелуі, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы), 6«ә»-сынып оқушысы Жакупова Жанбота Жанболатовна (тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, интелекттің жеңіл бұзылуы), 7-сынып оқушысы Хуаш Төрежан Сексенбайұлы (психикалық дамудың тежелуі). Оқушылар мектеп қабырғасында оқытылды. Үйден оқытылған оқушылар жоқ.

**2024-2025 оқу жылының басында** ЕҚБ білім алушылар саны- 2. Олар 8 сынып оқушысы Хуаш Төрежан Сексенбайұлы (психикалық дамудың тежелуі), 7 «ә» сынып оқушысы Жакупова Жанбота Жанболатовна (тірек-қимыл аппаратының бұзылуы. Оқушылар мектеп қабырғасында оқытылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы негізінде ЕҚБ оқушылармен педагог-ассистент жұмыс істейді.

6«Ә»-сынып оқушысы Жакупова Жанбота Жанболатовна (жеңіл ақыл-ой кемістігі) ПМПК қорытындысына сәйкес және педагог-психологтың жүргізген анықтамалары, оқушының дағдыларын бақылаған сынып жетекші жүргізген жұмыс негізінде: оқу бағдарламасы, арнайы оқулықтар таңдалынып, оқу үдерісі жүргізілуде. Қазіргі уақытта жеңіл ақыл-ой кемістігі бар 6«Ә»-сынып оқушысы Жакупова Жанбота Жанболатовнамен жеңілдетілген оқу бағдарламасы негізінде мектеп мұғалімдері жұмыс жасайды.

| **Оқу жылы** | **ЕҚБ** | **Үйде оқытылатын оқушы** | **Уақытша үйде оқытылатын оқушы** |
|---|---|---|---|
| 2021-2022 | 4 | 0 | 0 |
| 2022-2023 | 6 | 0 | 0 |
| 2023-2024 | 4 | 0 | 0 |
| 2024-2025 | 2 | 0 | 0 |

**Қорытынды**: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін құрастырылған және бекітілген жеке оқу жоспарларына сәйкес оқу үдерісі жүргізіледі. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріліп, оқу процесі талапқа сай.